

Камералдық бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтердің тізбесін, сондай-ақ оларды кеден органдарының, техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органның ұсыну қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 25 қарашадағы № ҚР ДСМ-202/2020 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 2 желтоқсанда № 21706 болып тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 28.06.2024 № 42 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 45-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 28.06.2024 № 42 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес камералдық бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтер тізбесі;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес кеден органдарының, техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органның камералдық бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтер тізбесін ұсыну қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 28.06.2024 № 42 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Мыналардың:

1) "Камералдық бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтердің тізбесін, сондай-ақ Кеден ісі саласындағы және техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органдардың, сәйкестікті растау жөніндегі органдардың және сынақ зертханаларының (орталықтарының) оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 5 маусымдағы № 421 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11904 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 14 қыркүйекте жарияланған);

2) "Камералдық бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтердің тізбесін, сондай-ақ Кеден ісі саласындағы және техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органдардың, сәйкестікті растау жөніндегі органдардың және сынақ зертханаларының (

орталықтарының) оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 5 маусымдағы № 421 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 11 қарашадағы № 474 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14645 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 19 қаңтарда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі*

А. Цой

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Сауда және интеграция министрлігі

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2020 жылғы 25 қарашадағы
№ ҚР ДСМ-202/2020 бұйрығына
1-қосымша

Камералдық бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтер тізбесі

1. Кеден ісі саласындағы уәкілетті орган ұсынатын камералдық бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтер тізбесі:

1) жөнелткен елі;

- 2) тауарларға арналған декларацияның (бұдан әрі –ТД) тіркеу нөмірі;
- 3) декларациялаудың мемлекеттік кірістер департаменті;
- 4) тауардың шыққан елі;
- 5) жөнелтуші және (немесе) экспорттаушы;
- 6) сыртқы экономикалық қызметке қатысушының (бұдан әрі – СЭҚК) тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) және (немесе) атауы;
- 7) СЭҚК-ның жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) және (немесе) бизнес сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН);
- 8) СЭҚК, заңды мекенжайы;
- 9) Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасы (бұдан әрі – ЕАЭО СЭҚ ТН) бойынша тауардың коды;
- 10) тауардың атауы;
- 11) ТД-дағы тауардың сипаттамасы;
- 12) тауардың салмағы, нетто (кг);
- 13) қосымша өлшем бірліктерімен (бұдан әрі – ҚӨБ) саны;
- 14) тауардың шартты шығарылуы туралы белгі.

2. Техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган ұсынатын камералдық бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтер тізбесі:

- 1) өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) және (немесе) атауы, мекенжайы, БСН және (немесе) ЖСН;
- 2) дайындаушының (өндірушінің) атауы;
- 3) Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасы (ЕАЭО СЭҚ ТН) бойынша коды (кодтары);
- 4) тауарлар бойынша сандық мәліметтер;
- 5) нормативтік құқықтық актілер және талаптарға сәйкестігін растау жүргізілген нормативтік құжаттар туралы ақпарат;
- 6) өнімнің нормативтік құқықтық актілер талаптарына сәйкестігіне дәлел ретінде сәйкестікті растау жөніндегі органға өтініш беруші ұсынған құжаттар туралы ақпарат, жүргізілген зерттеулер (сынақтар) және өлшеулер туралы ақпарат (сынақ хаттамасының күні, нөмірі, сынақ хаттамасын берген сынақ зертханасының атауы және аккредиттеу аттестатының нөмірі, шетелдік сертификаттың берілген күні, нөмірі, оны берген органның атауы);
- 7) сәйкестік сертификатының (сәйкестік туралы декларацияның) қолданылуын тоқтата тұру, қайта жалғастыру немесе тоқтату күні және себебі;
- 8) сәйкестік сертификатының (сәйкестік туралы декларацияның) қолданылуын ұзарту күні, мерзімі және оны ұзартуға негіз;
- 9) сәйкестік сертификатына (сәйкестік туралы декларацияға) қосымша (қосымшалар) туралы мәліметтер;

10) сәйкестік сертификатын (сәйкестік туралы декларацияны) берген (тіркеген) сәйкестікті растау жөніндегі органның атауы, мекенжайы, аккредиттеу аттестатының нөмірі мен берілген күні;

11) сәйкестік сертификатын (сәйкестік туралы декларацияны) берген (тіркеген) сертификаттау жөніндегі орган басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда);

12) сарапшы-аудитордың (сарапшының) тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда);

13) сәйкестік сертификатының (сәйкестік туралы декларацияның) қолданылу мерзімі, тіркеу нөмірі, сәйкестік сертификаты (сәйкестік туралы декларация) ресімделген бланктің есептік нөмірі.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2020 жылғы 25 қарашадағы
№ ҚР ДСМ-202/2020 бұйрығына
2-қосымша

Кеден органдарының, техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органның камералдық бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтер тізбесін ұсыну қағидалары

Ескерту. Қағидаларының тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 28.06.2024 № 42 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Камералдық бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтер тізбесін ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 45-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және кеден ісі саласындағы және техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органдардың, сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар туралы, импортталатын тауарлар бойынша және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органға (бұдан әрі – мемлекеттік орган) өнімдердің сәйкестігін растауға (бағалауға) жүгінген өтініш берушілер туралы мәліметтер тізбесін ұсыну тәртібін, сондай-ақ камералдық бақылауды жүзеге асыру мақсатында олардың мәліметтерді беру нысаны мен тәсілдерін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 28.06.2024 № 42 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Кеден ісі саласындағы және техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органдар осы Қағидаларға сәйкес мәліметтерді мемлекеттік органға ұсынады.

3. Кеден ісі саласындағы және техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органдар мемлекеттік органға осы Қағидаларға сәйкес мәліметтерді дайындауға, беруге жауапты

лауазымды адамдарды айқындау туралы жазбаша түрде хабарлайды, процесс автоматтандырылған жағдайда мәліметтер автоматты режимде беріледі және лауазымды адамдарға жүйеге қол жеткізу құқығы беріледі.

4. Кеден ісі саласындағы және техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органдар мемлекеттік органға ақпаратты электрондық тасығышта қоса бере отырып, ілеспе хатты ресімдеу жолымен мәліметтерді ұсынады, автоматтандырылған жағдайда осы Қағидалардың 5 және 7-тармақтарында көзделген мерзімдерде автоматты режимде беріледі.

Камералдық бақылау процесі автоматтандырылған жағдайда жауапты лауазымды адамдарға мәліметтерді жүйеге автоматты режимде беру үшін қол жеткізу құқығы беріледі.

Ілеспе хатқа қоса берілетін ақпарат (мәліметтер) санамаланған форматтардың (Excel, SQL, DBF) бірінде байланыс арналары арқылы немесе электрондық тасығыштарда жіберіледі.

5. Кеден ісі саласындағы уәкілетті орган ай сайын есепті айдан кейінгі айдың бесінші күніне дейін мемлекеттік органға Кодекстің 45-бабының 1-тармағына сәйкес камералдық бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтер тізбесіне сәйкес мәліметтерді ұсынады.

6. Техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган сәйкестікті растау жөніндегі органдардан өнім және өнімнің сәйкестігін растау (бағалау) үшін жүгінген өтініш берушілер туралы мәліметтерді жинауды ұйымдастырады.

7. Техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган ай сайын есепті айдан кейінгі айдың оныншы күніне дейін мемлекеттік органға Кодекстің 45-бабының 1-тармағына сәйкес камералдық бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтер тізбесіне сәйкес мәліметтерді ұсынады.